



БЕКІТЕМІН  
Басқарма төрағасы  
«Коммеск-Өмір» СК» АҚ

Ханин О.А.  
2021 жылдың "27" мамыры

2021 жылдың 27 мамырында өткен

"Коммеск-Өмір" СК" АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы

"Коммеск-Өмір" СК" АҚ директорлар Кеңесі 2021 жылдың 27 мамырында өткен акционерлердің Жылдық жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы туралы ақпараттандырады.

Күн тәртібі сұрақтары бойынша қарсы дауыс бергендер немесе жауап беруден бас тартқандар жоқ. Күн тәртібі сұрақтары бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша келесі шешімдер бір ауыздан қабылданды:

Күн тәртібінің 1-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |
| "           |                                |                                                                  |

Қабылданған шешім: «Коммеск-Өмір СК» АҚ 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін. 2020 жылға арналған аудиторлық есептілік назарға алынсын.

Күн тәртібінің 2-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

Қабылданған шешім: «Коммеск-Өмір» СК» АҚ-ның 2020 жылға арналған қаржылық нәтижесі ескерілсін, 2020 жылдың нәтижесі бойынша дивидендтер есептелмесін немесе төленбесін, 2020 жыл бойынша барлық таза пайда сомасы «Коммеск-Өмір» СК» АҚ-ның меншікті капиталын ұлғайту, қаржылық тұрақтылықты нығайту үшін жіберілсін және ол бөлінбеген пайдада ескерілсін.

Күн тәртібінің 3-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

Қабылданған шешім: Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2020 жыл бойынша төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат ескерілсін.

Күн тәртібінің 4-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

Қабылданған шешім: 2021 жылға арналған қызмет нәтижелері бойынша «Коммеск-Өмір» СК» АҚ аудитін жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық ұйымы белгіленсін.

Күн тәртібінің 5-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

Қабылданған шешім: Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің жүгінуінің болмауы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің 6-шы сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

Қабылданған шешім: 1. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерімен және Қоғамның үлестес тұлғаларымен міндетті сақтандыру шарттары бойынша заңнамамен белгіленген жағдайларда, ерікті сақтандыру шарттары



бойынша, Қоғамның Сақтандыру ережелерімен белгіленген жағдайларда, басқа сақтандырушылардың шарттарынан, құқықтары мен міндеттерінен ерекшеленбейтін құқықтармен және міндеттемелермен сақтандыру шарттарын жасасын.

2. Аталған мәмілелерді жасасу туралы ақпаратты [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz), [www.kase.kz](http://www.kase.kz) және Қоғамның интернет-сайттарында орналастырған кезде, шарттың күні мен нөмірін, сондай-ақ сақтандыру нысаны туралы ақпаратты ғана жариялау.

3. 1 және 2-тармақтарда көрсетілген шешімдер, «Коммекс-Өмір» СК» АҚ-ның Директорлар кеңесі мүшелерімен және үлестес тұлғаларымен 2021 – 2022 жылдарға мәмілелер жасау туралы Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері болып саналсын.

#### Күн тәртібінің 7-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

**Қабылданған шешім:** 1. «Коммекс-Өмір» СК» АҚ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, «Коммекс-Өмір» СК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тараптармен жасалған ұқсас мәмілелерге қолданылатын осындай мәмілелердің үлгілік шарттарына сәйкес «Коммекс-Өмір» СК» АҚ ерекше қатынастармен байланысты болатын тұлғалармен сақтандыру бойынша мәмілелер жасалсын.

2. «Коммекс-Өмір» СК» АҚ, Қоғамның үлестес тұлғаларымен бұрын жасалған мүдделі мәмілелерді ұзарту қажет болған жағдайда, дәл осындай шарттар бойынша жаңа мерзімге шарттар немесе қосымша келісімдерге қол қою арқылы мәмілелер жасасын.

3. Заңнамада және шарттарда белгіленген талаптар және қызмет (жұмыс, тауарлар) ұсынатын тарап белгілеген мөлшерлемелер бойынша Қоғамның сақтандыру, шаруашылық және инвестициялық қызметін сүйемелдеу үшін қажетті шарттарды Қоғамның үлестес тұлғаларымен жасасу.

4. Нәтижесінде мәмілелер мүдделі мәмілелер болып танылуы мүмкін биржалық сауда-саттыққа Қоғамның қатысуы жағдайында, мәмілелерді биржалық сауда-саттықта анықталған шарттармен жасау.

5. Егер Қоғам жасаған мүдделі мәміле (шарт) банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитын болса, Қоғамның мүдделі мәмілені жасасуы туралы ақпаратты [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz), [www.kase.kz](http://www.kase.kz) және Қоғамның интернет-сайттарында орналастырған кезде, шарттың тек атауы, күні және нөмірі (егер бар болса) жариялансын.

6. 1–5 тармақтарда көрсетілген шешімдер, «Коммекс-Өмір» СК» АҚ 2021 - 2022 жылдарға мүдделі мәмілелер жасасу туралы Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері болып саналсын.

#### Күн тәртібінің 8-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

**Қабылданған шешім:** «Коммекс-Өмір» СК» АҚ тиесілі активтердің бір бөлігін беру және акцияларды сатып алу арқылы «Коммекс-Өмір» СК» АҚ басқа заңды тұлғаның қызметіне қатысу мәселесін қараусыз қалдыру.

#### Күн тәртібінің 9-ші сұрағы бойынша:

|             | Дауыс беретін акциялардың саны | Дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акциялардың жалпы санының % |
|-------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| "КЕЛІСЕМІН" | 111 707                        | 91,26                                                            |

**Қабылданған шешім:** 01.01.2021 жылғы жағдай бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерінің ұсынылған талдауы ескерілсін.